

ҮНДЕУ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӘР АЗАМАТТЫҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСЕЙІК!

Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Индетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты.

Коронавирустың таралуына байланысты денсаулық сақтау жүйесіне көп ауыртпалық түсуде. Ашығын айту керек, денсаулық сақтау жүйесі индетке тойтарыс беруге дайын болған жоқ. Осы мәселе бойынша біз тергеу жүргіземіз және бұл жағдайдан сабақ аламыз. Әкімдердің жіберген қателіктеріне тиісті баға береміз.

«Әр қазақ — менің жалғызым» дегендей, әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады. Мынау алапат индет арамьздан талай асылдарымызды жұлып әкетуде. Бүгінде кара жамылып отырған азаматтардың қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Сол үшін 13 шілдені — Ұлттық аза тұту күні деп жариялаймын.

Осындай күрделі жағдай кезінде ел арасында көптеген жалған әңгімелер тарауда. Теріс ақпарат таратып жүрген арам пиғылды адамдардың әрекеттері орын алуда. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар жалған ақпаратқа сенетін болды. Дәрігерлеріміз бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтарға нақты, бірізді мәлімет беруі керек. Дертті емдеудің неше түрлі жолдарын көрсетіп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруге болмайды.

Біз — талай зобалаң мен сынақты бастан өткерген, тарихтың талай дауылына бой бермеген халықпыз. Батыр бабалардың жолын жалғаған бүгінгі ұрпақ та қазіргі қиындыққа төтеп береді деп сенемін. Бәлкім, бұл біздің бірлігімізді байқау үшін берілген сынақ шығар. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымдаса білсек, бұл сыннан да өтеріміз!

(Қазақстан Республикасы Президентінің телевизиялық үндеуінен, 08.07.2020 жыл)

КЕСЕЛ

Бұл жаздың сиқы бөлек. Әдетте шілдеде жан-жаққа демалысқа жап-тармағай кететін жұрт негізінен үйге қамалған. О баста қауіпін сенімсіздікпен қараған коронавирус өшкімді аяп жатқан жоқ. Көңіл айту көбейді. Күркілдеп жөтелген, дене қызуы көтерілген, тынысы тарылғандар қаптап кеткендей. Жан-жағындағы жағдайды бажайлаған жұрт соңғы кездері дәріханаға сабылуда.

(Жалғасын
3-беттен оқыңыз)

ДӘРІ ДҮРБЕЛЕҢІ НЕМЕСЕ ТАПШЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАН ЖАСАҒАН КІМДЕР?



ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫНА АЯЛДАҒАНДА



Абай Құнанбайұлы қазақтың тұрмыс-тіршілігін, қазақ мінезінің кемшілігі мен артықшылығын көрсеткен ақын. Сондықтан да журнал саяси, мәдени, шаруашылық, әдеби бағытын бірдей алып жүруді мақсат еткен. Ошақтың үш бұты сияқты әдебиетті де, ғылымды да, шаруашылықты да қатар қамтыған журналдың

негізгі тақырыптары: Абай өнері, Абай ұрпағының шығармашылығы, ғылым, білім, жаңадан ашылып жатқан кооператив, серіктестіктер туралы және әйел теңдігі мәселесі. Сондай-ақ журналдың жиі көтерген тақырыбы – алаш тақырыбы.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
43,36

DOLLAR
409,98

EURO
462,21

РУБЛЬ
5,75

АПТАНЫҢ САУАЛЫ



Елімізде карантин мерзімі ұзартылуы мүмкін бе?

ЖАУАБЫ:



Карантинді ұзартуға қатысты айтсақ, бастапқыда ұсыныс енгізгенде азаматтардың тілектері ескерілді. Карантин жүйесінің кәсіпкер қауымға барынша ыңғайлы болуы көзделді. Дегенмен вирусқа шалдығудың күрт өрішп кетуін еңсеруге арналған шектеу шаралары да қарастырылды. Қазір біз қандай да бір аралық нәтижелерді қарап отырмыз. Тийімділігіне екінші аптаға қарай, бағалау жүргізгеннен кейін көз жеткіземіз. Карантин аяқталған соң оның ұзартылатыны немесе шаралардың қатаңдатылатыны белгілі болады.

Дереккөзі: Денсаулық сақтау министрлігі

Кесел

(Басы 1-бетте)

Кайбір күні мен де басым ауырып, кан қысымым көтеріліп шыдатпағасын дәріханаға бардым. Бардым деген бер жағы. Алғашқы жарты сағат ғимаратты сырттай бақыладым деуге болады. Бірінің артынан бірі тіркескен кезектің соңы көрінбейді. Көбінің қабағы кату екеніне қарап, тұрғандарына біраз болғанын аңдадым. Күннің ыстығы да апшыны қуырып барады. Амал жоқ, көнесін. Бір сағат дегенде кезегім жетіп кассаға беттедім.

- Сәлеметсіз бе! Маған цитрамон бересіз бе?
- Жок.
- Онда парацетамол?
- Ол да жок!
- Сонда не бар сіздерле?
- Көп дәрі жок, ренжіменіз, баскалары күтіп тұр, боллыңыз ба сұрап?

Үндемей шығып кеттім. Кезегімді күткеніме емес, жан киналғанда дәріханадан дәрі таппағаныма күйініп кеттім. «Жайшылықта қоймаларында қораптап жататын, тұрғындар жиі

табылды. Қазір оның дәріханадағы бағасы 3900 теңгеге дейін қымбаттаған. Атыраудағы косметологиялық қызмет көрсететін орталық болса, кеңсесін уақытша дәріханаға айналдырған. Коронавирускa қарсы қолданатын медициналық препараттарды рұқсатсыз, әрі үш есе қымбатқа өткізген. Министрлік алыпсатарлардың күрт көбейгенін мойындап отыр. Олармен күресті күшейту үшін жедел штаб та құрылды. Қазірдің өзінде осындай 17 дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу басталып кеткен. Дәрі дүрбелені туындап, тапшылықтан халық қиналып жатқанда Қазақстан-Ресей шекарасында «Физионтез» дәрісінің 171 мың бумасын алып өтпек болған азамат қолға түсті. Алматы фармацевтика фабрикасынан шыққан препараттар құны – 1 миллион 700 мың долларға тең! Отандастары хәл үстінде жатқанда, өзіндегісін өзеге тасығанның мұндай қадамға, анығы қылмысқа баруы АДАМ деген атты арқалаған пенденің қолынан шынымен де келе ме деген мұңлы ойға батасын. Адамдығын ашкөздікке айырбастағандар уақытша пайданы ойлағанда көздерін шөл басып, жүрегіндегі ұят деген (*егер бар болса*) сезімнен

ДӘРІ ДҮРБЕЛЕҢ

НЕМЕСЕ ТАПШЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАН ЖАСАҒАН КІМДЕР?



алатын дәрілердің табылмауы не деген сұмдық» деген ой маза берер емес. Тағы да 2-3 дәріханаға бардым. Бірақ бұл жолы уақытымды құртпай, іштен мен секілді ұнжырғалары түсіп шығып келе жатқандардан «қандай дәрі алдыңдар?» деп сұрадым. Олар да керегін таппаған. «Енді қайттім» деп талдың көлеңкесін саялап тұрғанда өзім шамалас бір жігіт жақындап, әңгімеге тартты.

- Қандай дәрі іздеп жүрсің?
- Цитрамон.
- Менде бар, аласың ба?
- Қанша?
- 1500 теңге.
- Қанша???
- Тыныш, 1500 теңге дедім ғой, алсаң ал, алмасаң қой!

Басым солқылдап, шыдатпай бара жатқасын удай бағаға сатып алдым. Әдетте 80-100 теңге тұратын цитрамонның доллардан да қымбаттап кеткеніне қарап, бұл зауал – вирус денемнен салқын тер шығарғандай болды...

Әлеуметтік желі, телеарналарда бағасы шарықтаған дәріге қатысты ақпарат ауық-ауық шығып жатыр. Денсаулық сақтау министрлігі «дәріханаларда қадағалау күшейді, баға бақылауда болады» дегенмен, көпшілік әлі сол бақылауда болатын дәріні таппай жүр. Есесіне, сын сағатында көленкелі кәсібін дөңгелеткендер көбейді. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой апта басында өткізген брифингте бір күнде 46 адамды полиция ұстап, 20 мың қорап дәрі-дәрмек тәркіленгенін жеткізді. Бір өскемендік азамат баспанасын құдды бір қоймаға айналдырып алыпты. Халық дәріханадан таппақан дәрі-дәрмектің сан түрі самсап тұр.

арылғандай. Баскаша айту мүмкін емес. Кім біледі, олардың да жақындарының, болмаса солардың таныстарына мынадай қиын кезеңде бастарына күн туған шығар. Бірақ мейірімі суалған тасжүрек аурудан ақша табуды ар санамайды. Керісінше, дәрі-дәрмекке сұраныс артып, жұрт дәріхана табалдырығын тоздырып, керегін таппай жатқан сәтте сырттай алақанын ысқылап, масаттанып тұрғандай көрінеді маған. Сонда қалай, қоғамда құндылық құрдымға кетіп бара ма? Әйтпесе, дәрі емес, бір үзім нанға зар болған ашаршылық жылдары хәл үстіндегі адамға аузындағысын жырып берген ұлтымыздың тектілігі қайда?

Тапшылықтан шығады, дәрі дүрмегінің алдында медициналық бетперде мен антисептиктер де дәріханалардан табылмай, әуре-сарсанға салды емес пе? Онда да алыпсатарлар айласын асыруға барын салды. Наурыз бен сәуірдің аралығында құзырлы орындар 10 миллион данаға жуық бетперде мен 65 мың литр антисептикті көленкелі айналымнан тәркілеп, денсаулық сақтау ұйымдарына таратты. Жымысқы әрекетін жүзеге асырғысы келетіндер дәрі-дәрмекке келгенде де түрлі қулыққа басуда. Интернетке жарнама беріп, өзіне ыңғайлы, қауіпсіз жерде кездеседі. Қоғамдық көліктің өзінде де саудасын жүргізгендердің әрекеті әшкере болды. Бірақ бір нәрсені естен шығармау керек. Колмен істегенді мойынмен көтеретін кез түбі бір келеді. Дәрі саудасымен заңсыз айналысқандарға жаза қатан. Қомақты айыппұлды былай қойғанда, қылмыстық іске дейін қозғалады. Ертең заң алдында жауап бергенде «білмедім, жаздым, жаңылдым» деген ақталудың еш көмегі тимесі анық.



Онай олжаға қарқ болу үшін бірнеше есе жоғары бағаға саудалап келген. Көкшетауда бір пысықай бизнесін тек түнгі уақытта жүргізген. Дәріханадан басы салбырап шыққандар оның клиентіне айналады. Үйінен бірнеше қорап парацетамол мен аспирин табылды. Қазір қасқалдақтың қанымен теңескен бұл дәрілерді қайдан алғаны тексерілуде. Алматы облысында ұстаған біреуден «Азитромицин» дәрісінің жалпы сомасы жеті миллион теңгеден асып кететін 2420 бумасы

Құқық қорғау қызметкерлері осыған дейін тәркіленген препараттар медициналық мекемелерге тегін таратылатынын мәлімдеді. Жағымды жаналық. Әйтсе де, кеселге қарсы алдымен сенім мен тәртіп керек. «Басқа түссе, баспакшыл». Бұл кезеңнің қара бұлтты да сейілер. Сол күнге жеткізер көкіректегі үміт отымыз бен санадағы сенімімізге селкеу түспесін тілейік!

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

Өлді деуге сыя ма...

АҚПАРАТТЫҢ АҚМЫЛТЫҒЫ ЕДІ

Қазақ журналистикасы қара жамылды. Осы аптада белгілі журналист, «Жас Алаш» газетінің жауапты хатшысы Жолдасбек Дуанабай 62-ге қараған шағында өмірден озды.

Қаламы жүйрік, сөзі өткір, елдің мұнын мұндап, жоғын жоқтаған журналист қай тақырыпты қаузап жазса да, айтар ойы халықпен үндес болды. Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан Жөкеннің досқа адал, кішіге қамқор болған азаматтық болмысы бір төбе еді. Елдің жайын үнемі електен өткізіп отыратын ол бар ғұмырын журналистикаға арнады. Қай жұмысты да жауапкершілікпен атқара жүріп, шығармашылық ізденісін ешқашан тоқтатқан емес. Қарымды қаламгердің басылым беттерінде жүргізген арнайы айдарларын оқырман жылы қабылдап, оның еңбегі мемлекет тарапынан ескеріліп, арнайы марапаттарға ие болды.

Ол мектепте оқып жүрген кезінен бастап «Қазақстан пионері» газетінің жас тілшісі болып, шығармашылық ортаға ерте араласты. Кейін өзінің тырнақалды туындылары жарық көрген кешегі «Қазақстан пионері» – бүгінгі «Ұлан» газетінде қызмет етті. «Лениншіл жаста», содан кейін «Жас Алашта» бірнеше жыл жұмыс істеді. Телевизия саласында да қолтанбасы бар. Бірер жыл КТК телеарнасының жаңалықтар бөлімінде еңбек етті. Одан кейін «Айқын» газетінде 15 жылдай жауапты хатшы, Бас редактордың орынбасары сияқты жауапты қызметтер атқарды. Бір жарым жылдай Жас қазақ газетінде Бас редактордың орынбасары болды. Бірнеше ай бұрын ғана «Жас Алаш» газетіне барған еді.

Жолдасбек Дуанабайдың ел тәуелсіздігін жариялап, кем-кетігін түгендей бастағанда тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрімізді дәріптеп, насихаттауға қаламының күшімен-ақ көп еңбек сіңіргенін жадымыздан шығармаймыз. «Қазақ журналистикасының ардагері» деген атқа лайық әріптесіміздің бакилық болғаны бәрімізге ауыр тиді.

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли, әріптесіміз Жолдасбек Дуанабайдың қайтыс болуына байланысты көңіл айтып: «Жолдасбек Дуанабай ақпараттың ақмылтығы еді» депті. Ағасының мезгілсіз қазасына қамыққан Бекен: «Абитуриент кезінде-ақ қатарластарынан шоқтығы биік көрінген, журналистік ортада еңбекқорлығымен, қарапайымдылығымен мойындалған Жолдасбек Дуанабай ағамыздың да бес күн жалғандағы дәм-тұзы таусылып, бақиға аттаныпты. Қайғылы хабарды естіп қамығып қалдық. Жолдасбек Дуанабай ақпараттың ақмылтығы еді. Интернет дамымаған, қазіргі технология әлі жетілмеген кездің өзінде жердің түбіндегі ақпаратты тауып алып,



оқырманына қызықты қылып ұсынатын», – деді.

Өзі қызмет еткен Жас қазақ газетінің ұжымы, абзал аға, аяулы әріптесіміздің қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына, әріптестері мен замандастарына қабырғамыз қайысып көңіл айтамыз!

Жас қазақ газетінің ұжымы

Қайран, Жүке, тиді-ау мәңгі еркіндік, Жаңбыр болып жылап өтті шер-шындық. Сені өлтіріп ойнаушы едік әзілдеп, Бүгін, рас, шыныменен өлтірдік.

Құрдасындай қажашуы еді Сейсендер, Өзіңді еске ал, енді оңаша кемсеңдер. Ажалмен де қыртып ойнап жүруші ек, Тіріліп көр енді, ажалды жеңсеңдер.

61 жас – бар көресің, көнесің, Жия алған жоқ артыңда әлі ел есін. Көңілді еді, әзілқой-тын» деп жатыр, Көзкөргендер, басқа енді не десін.

Жап-қайғыңды жүрегінде іркілген, Қайдан білсін, боп өткенің ұйқың кем. Қайдан білсін өткеннен соң жарқылдап, Жеңеніңді – өмірді ойын-күлжімен.

Мақала еді қойны-қоңшың, ми тұнған, Жерде жатса теруші едің қиқым нан. Ең алдымен беремін деп ақпарат, Қармайғанаша тұрдың ұшып ұйқыңнан.

Біреу үшін газеттің жай тілішісі, Біреу үшін НАҒЫЗ АДАМ, ШЫН КІСІ! Өтті өмірден жүрген кеше домалап, «ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕНІҢ ТЫҢШЫСЫ»!

Төреғали ТӘШЕНОВ, ақын

СПОРТ ПЕН ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ САҢЛАҒЫ ЕДІ



Қазақ журналистикасы ауыр қазаға ұшырады. Сексен жасқа қараған шағында әйгілі спортшы, танымал журналист Диас Омаров дүниеден өтті. Диас Лиясұлы миллиондардың сүйікті ойыны футболда жарқ етіп көрінген шебер спортшы ретінде танылды. Қазақтың бас командасы – «Қайраттың» сапында өнер көрсетіп, талай биіктерді бағындырды. Өмір бойы теңбіл доптан алыс кеткен жоқ. Көшеде кездескенде «Мына стадионға бара жатырмын, футбол ойнауға» дейтіні күні кеше...

Диас аға кәсіби журналист еді. Ол қазіргі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің журналистика бөлімшесінде білім алған. 1966 жылдан бастап «Қазтелерадионың» спорт комментаторы болды. Аға буын оқырман оның мәскеулік «Советский спорт», «Труд» газеттерінде жарияланған дүниелерін жақсы біледі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Хабар» арнасында спорт журналистикасының тасын өрге сүйреп,

өз кәсібіне адалдықтың шынайы үлгісін көрсетті. Спорт комментаторлығы сияқты қызығы мен шыңығы да мол мәртебелі мектептің қалыптасуына еңбек сіңірген Қазақ журналистикасы қайраткерлерінің бірі еді.

Үнемі жайдары қалпынан танбайтын Диас ағаны футболшылар қауымы мен журналистер өнегелі ұстазымыз, сыйлы ағамыз деп қадір тұтатын. Сол ізгі ілтипат пен қалтқысыз құрмет енді Диас ағаның жарқын бейнесімен бірге жүректерде мәңгі сақталатынына күмән жоқ.

Қош, Қазақ журналистикасының қайраткері!

Біздің сұхбат

Елімізде ерікті жастардың қатары көбейіп келеді. Әсіресе, алып қала Алматыда белсенді жастардың игі істеріне куәміз. Әлемді шарпыған пандемия кезінде «Біз біргеміз» деген ұранмен қаламыздың еріктілері тұрғындарға барынша көмек көрсетті. Біз Алматы қаласындағы еріктілер ұйымын бір арнаға тоғыстырған Almaty Volunteers жобасының үйлестірушісі Бидәулет Серікұлынан ерікті жастардың қызметі жайлы әңгімелеп беруін сұрадық.

Жас qazaq: Бидәулет Серікұлы, Almaty Volunteers еріктілер қозғалысы қашан құрылды? Жобаның ұйымдастырушысы ретінде жастардың ерікті болуға белсенділігі жөнінде айтып өтсеңіз? Қандай шаралар ұйымдастырылды? Оған үлес қосып жүрген ерікті жастардың қатары қанша?

Б.Серікұлы: Almaty Volunteers еріктілер жобасы осыдан бір жыл бұрын Алматы қаласында Жастар жылы аясында Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының колдауымен құрылды. Жастардың еріктілік қызметін жандандыру аясында қолға алынған жоба. Негізгі мақсатымыз — қала жастарынан халықаралық

Бидәулет СЕРІҚҰЛЫ:

ЕРІКТІ КӨМЕК АТА-БАБАМЫЗДЫҢ САЛТЫНДА БАР



стандартқа сай еріктілер қатарын көбейтіп, бренд қалыптастыру. Біз қаламыздағы 20-дан астам еріктілер ұйымын біріктіретін арнайы сайтты іске қосу идеясын ұсындық. Алматы қаласының әкімдігі ұсынысымызға қолдау көрсетті. Құрылғанмызға бір жылдан астам уақыт болды. Осы аралықта көптеген жұмыстар жүзеге асты. Биылғы жыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Еріктілер жылы болып бекітілгенін баршамыз білеміз. Бұл да еріктілік қызметтің дамуына, еріктілер ұйымының әрі қарай дамып жетуіне септігін тигізді деуге толық негіз бар. Алматы — жастардың қаласы, үлкен мегаполис. Мұнда 30-дан астам жоғары оқу орындары мен 80-нен астам кәсіптік білім беру колледждері бар. Осы білім ордаларының барлығынан жастарымыз ерікті болуға өтініш білдіріп, қаламыздың қоғамдық жұмыстарына белсене



қатысқысы келеді. Біз туралы әлеуметтік желіден, бір-бірінен естіп қатарымызға қосылғылары келеді. Әсіресе, жастарды үлкен концерттер, спорттық шаралар, қайырымдылық жобалар қатты қызықтырады. Ерікті болу дегеніміз — өз уақытын тиімді өткізу. Қоғамға тегін болса да өз пайдасын алып келу. Қаламыздағы барлық еріктілік ұйымдарындағы жастардың қатары 10 мың адамнан асады. Ал кәсіби түрде еріктілікпен айналысып жүргендердің саны — 3 мың адам. Әсіресе белсенді жастарымыз пандемия кезінде өз өмірлерін қатерге тіксе де, еріктілік қызметін адал атқарды. Олар екі жарым ай тынбай еңбек етті. Қала тұрғындарына барынша көмек көрсетті.

Жас qazaq: Ұйымның қазіргі кездегі қызметіне тоқтала кетсеңіз.

Б.Серікұлы: Алматыдағы еріктілер ұйымының интернет порталын бір арнаға тоғыстырсaq дейміз. Қалаға келген әрбір жас сайт арқылы біздің бағыттымызды тандай алады. Мысалы, экологиялық, қайырымдылық, әлеуметтік бағыт сынды өзінің қалаған еріктілер қозғалысы туралы толық ақпаратпен танысады. Биылғы еріктілер жылының негізгі бағыты — білім, асыл мұра, денсаулық, үміт, экология. Біздің ортақ сайт қаладағы барлық еріктілер қозғалысын бір арнаға тоғыстыратын ақпараттық орын. Мұнда әр түрлі бағыттағы



арнайы кітапша жүргізіледі. Біздің елде де осы сынды тәжірибелерді қолдану ұсынылуда. Сонымен қатар еліміздің барлық

қалаларында еріктілерге арналған фронт-офис ашу жоспарда бар. Мысалы, Еуропа елдерінде зейнетке шыққан қарттар да ерікті болып қызмет етеді. Біздің елде де орта жастағы, егде жастағы бос уақыты бар



Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет.

(Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті)

еріктілер ұйымы бірігіп, белсене қызмет істейді. Мысалы, былтырғы Арыс оқиғасы кезінде, биылғы карантин кезінде біздің жастарымыз белсенділік танытты. Әсіресе қаланың аз қамтылған отбасыларын азық-түлікпен қамту, маска тарату сынды істерде біздің жастар өз үлесін қосты.

Жас qazaq: Еліміздегі еріктілер қозғалысының деңгейі қандай деп ойлайсыз?

Б.Серікұлы: Еріктілік іс — бұл біздің елге келген жаңашыл дүние емес.



Ата-бабамыздың салтында бар нәрсе. Біздің салт-дәстүріміздегі «асар мәдениеті». Қазак халқы жетімін жылатпаған. Сондықтан бір-біріне көмектесу, демеу болу — ол біздің қанымызда бар. Ал қазіргі еріктілік іс халықаралық стандартқа сай өз уақытынды, өз еркінмен тиімді де игілікті істерге жұмсау. Еріктілік тегін қызмет. Жұмысын 4 сағаттан аспауы керек.

Еріктілерді қолы бос, жұмысы жоқ, бос уақыты көп деп ойлайтындар бар. Мүлдем олай емес. Ерікті болу жасқа, ұлтқа бөлінбейді. Қаламызда өткен Азиада, Универсиада еріктілік жұмыстың қажет екенін көрсеткен, еріктілерге үлкен серпіліс берген жарыс болды. Еліміздегі еріктілердің деңгейіне қандай да бір баға беру әлі ерте. Бірақ ерікті болғысы келетін жастардың қатары күннен-күнге көбейіп, еліне, жеріне көмек қолын созығысы келетін белсенді жастардың санының артуы көңілге қуаныш ұялатады.

Жас qazaq: Еріктілер қозғалысын дамыту үшін әлі де не істеуіміз керек? Өзге елдердің тәжірибесімен салыстырып көрдіңіз бе?

Б.Серікұлы: Еріктілік істі дамыту бойынша біз әлі де жұмыс істеуіміз қажет. Мысалы, дамыған елдерді алып қарайық. Ерікті болып жұмыс істеген жасқа жұмысқа тұруына үлкен көмегі тиеді. Көрші Ресейде ерікті болған әрбір адамға

Аптаның талдауы

Әлия МОЛДАБЕКОВА, Ұлттық банк төрағасының орынбасары:



«Ұлттық банк өткен айда қаржы нарығында интервенция жасаған жоқ. Мұнай бағасының өсуіне орай,

теңгенің долларға шаққандағы бағамы 1,7 пайызға нығайып, маусым айының соңында 404,70-ке жетті. Ал мамыр айының соңында бұл көрсеткіш 411,5 теңге еді. Валюта айырбастау орындары кейде бағамды 400 теңге деп белгілеп отырды. Еске түсірсек, наурыз айында әлемдік нарықтағы тұрақсыздық салдарынан теңге/доллар бағамы 448,52-ге жеткен болатын. Экономиканың жандануына орай, шетелдік валютаға деген сұраныс өсті. Маусым айында валюта нарығындағы сауда-саттық 21,1 млрд долларды құрады. Бұл мамыр айындағы көрсеткіштен 500 млн долларға артық».

Серпін

Құрылыс индустриясы – ел экономикасын өркендететін күш делінсе, облысымыз осы көштің басында тұр. Оған жыл сайын бой көтеріп, ел игілігіне берілген көпқабатты үйлер мен халыққа

қызмет көрсететін орталықтарды дәлел ретінде келтіруге болады. Олар қалаға сән беріп қана қоймай, облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуға қозғау салуда. Нәтижесінде аймағымыз күн сайын өзгеріп, түрленіп келеді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Бұл игілікті іс биылғы қауіпті індет тарап, ел бойынша төтенше жағдай жарияланған тұста да жалғасын тапты. Облыстың құрылыс саласы карантин шарттарын орындай отырып, елді мекендерді абаттандыру, тұрғын үйлерді салу жұмысын бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Оған жуырда ғана Талғар ауданында үй кезегінде тұрған азаматтарға 340 пәтерлі баспананың берілгені дәлел бола алады.

Қазіргі таңда Талғар ауданы бойынша мемлекеттік тұрғын үй алу қорынан үй кезегінде 4912 азамат тіркелген. Оның ішінде әлеуметтік жағынан осал топтар бойынша — 1876, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар — 653, көпбалалы отбасылар — 1053 және 1330 мемлекеттік қызметкер бар.

Бізге берген сұхбатында Талғар ауданының әкімі Жолан Омаров құрылыс қарқыны туралы былай деді: «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан» кезекте тұрған азаматтарға Талғар қаласынан 6 көпқабатты үйден 340 пәтер беріліп отыр. Оның 170-і «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында сатып алуға жоспарланған. 61 пәтер — халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтарға, жетім балаларға — 34 пәтер және көпбалалы отбасыларға 55 пәтер бөлінген. Ал мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлері үшін 20 пәтер қарастырылған».

Алты үйдің құрылыс жұмысына 3 млрд 135 млн теңге қаражат жұмсалыпты. Құрылыс мердігерлері өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарып шыққан. Аталған аудан келесі жылға тағы 9 қабатты 5 үйдің құрылысын бастауды жоспарлап отыр. Демек, осы



жұмыстардың нәтижесінде, көптеген баспанаға мұқтаж жандардың мәселесі шешілуіне қоса, ел экономикасын өркендету мен шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына да серпін бермек.

Айта кетерлігі, жыл басынан бері жұмыс орындары қысқарып, көптеген азамат жұмыссыз қалған тұста Талғар ауданындағы осы үйлерді салуға бірнеше жүз жергілікті тұрғын тартылды. Демек, құрылыс жұмысы жерлестеріміздің қаражат тауып, отбасын асырауына демеу болды. Сонымен қатар, жергілікті құрылыс фирмаларының өнімдерін де саудалап, қаражат табуына мүмкіндік берді. Карантин талаптары мен сақтық шаралары қатан сақталғандықтан жұмысшылар арасында дертке шалдығып, денсаулығына зақым келгендер жоқ.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске қол қойды. Бұл құжат азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын нақтылауды көздейді. Жаңа кодекске сәйкес, ел азаматтары көптеген құқықтарға ие болады. Jas qazaq газеті солардың бірқатарына тоқталуды жөн көрді.



КОДЕКС және МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Жана заң бойынша, азаматтарға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізімге сәйкес, кепілдендірілген көлемде тегін медициналық көмек көрсетіледі. Құжатта қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге айрықша мән берілген. Атап айтқанда, кепілдендірілген көлемде тегін медициналық көмек шенберінде және міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша тұрғындарға дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдар беріледі. Бұл бап кейбір кеселдерге (*жардай*) ұшыраған азаматтардың бір тобын уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес, амбулаторлық деңгейде тегін немесе

жеңілдікпен дәрі-
дәрмек, медициналық
бұйымдар және
арнаулы емдеу азық-
түлігімен қамтамасыз
етуді көздейді.

Заң бойынша,
азаматтардың емделу
үшін медициналық
мекемені тандау
құқығы бар. Соның
ішінде «Міндетті
әлеуметтік
медициналық
сактандыру туралы»
заңға сөйкес, сапалы
әрі дер кезінде
медициналық көмек

тегін медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек сыртында жеке өзінің, ұйымдардың, ерікті медициналық сақтандыру жүйесі мен өзге де тыйым салынбаған көздердің қаржысына медициналық қызмет түрлерін пайдалануға хақысы бар. Бұған қоса, уәкілетті орган белгілеген кесел түрлері бойынша бюджет қаржысына шетелде ем алуға болады.

Кұжатта, сондай-ақ медицина қызметкерлері дәрі-дәрмекті дұрыс тағайындамау және медициналық құрал-жабдықты орынын қолданбау салдарынан денсаулыққа зақым келген жағдайда азаматтың сол зиянның орнын толтыруға хақысы бар екені жазылған. Бұған қоса,

медицина және фармацевтика қызметкерлерінің әрекетіне *(әрекетсіз отыруы)* қатысты денсаулық сақтау мекемесіне, жоғары өкілетті органға немесе сот арқылы шағым жасай алады. Мемлекеттік медициналық сараптамадың қорытындысымен келіспеген жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тартуға өтініш беру құқығы да осы заңмен көзделіп отыр.



Жаңа кодексте ана мен бала денсаулығын қорғауға айрықша көңіл бөлінген. Атап айтқанда, тегін медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі репродуктивті жастағы



әйелдердің дәрігерге қаралуы, жігіт бақылауда болуы және оның сауығып кетуі үшін қажетті жағдай жасалады. Бала күтіміне байланысты стационарға түскен жағдайда әйелдің репродуктивті және сәби денсаулығына тікелей әсер ететін негізгі кеселдердің медициналық көрсеткіші бойынша ем бақылауына жағдай жасалады.

Қазақстан Республикасы аумағын тұрақты мекендейтін оралмандар, шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалардың ел азаматтарымен бірдей дәрежеде кепілдендірілген көлемде тегін медициналық көмек алуға құқығы бар.

Талап ТІЛЕГЕН



Дереккөзі: ДСМ



Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағында медициналық құрал-жабдықтарды шығаратын отандық фармацевтикалық бірнеше компания бар. Отандық компаниялар медициналық өнімнің қай түрін өндіреді? Олардың сапасы қандай? Алматыда орын алған дәрі-дәрмек тапшылығы неден туындады? Біз осы сауалдарды фармацевтикалық компания ияларына қойып көрдік.



Ұлтұсын КЕЙКІБАЕВА, «Сұлтан» ЖШС директоры:

Біздің зауыт қазір дезинфекциялық құралдар шығаруды жолға қойды. Отандық өнім өндіруші болғаннан кейін, тапсырысты тек өліміз бойынша жүзеге асырамыз. Өнімдеріміз халықаралық стандартқа сай. Мемлекеттік зертханада тексерістен өткен. Сапасы да шетелдік өнімнен кем емес. Қазір өндірісті дезинфекциялық құралдар шығаруға жұмылдырып отырмыз. Зауыт болғаннан кейін тек дистрибуторлық компаниялармен тікелей жұмыс істейміз. Өнімдердің бағасына келсек, жыл басында өлімізде бекітілген нақты баға бойынша тауарлар жөнелтіледі. Ол бағаны біз көтере алмаймыз. Қазір дәрі-дәрмек бағасы қымбат. Бағаны дәрханалар қоя алмайды. Бұл жерде ортада делдалдар пайда болды. Бағаның күрт өсуіне солардың әсері бар деп ойлаймын. Біз тауарды дистрибуторларға береміз. Олармен нақты келісімшарт бойынша жұмыс істейміз. Әрі қарай дәрханана қалай жеткізетіні бізге беймәлім. Зауыт болғаннан кейін әр дәрханана тауар жеткізу бізге тиімсіз. Зауыттың өз шығындары бар. Мысалы, біз антисептикке қажетті құтыны, керек-жарақ заттарды тапсырыспен Ресейден аламыз. Оларды жеткізу бар. Өнімнің сыртқы қағазына баспаханаға тапсырыс береміз. Олар да бағаны тұрақты ұстамайды. Өйткені баспахана қағазы да сапасына қарай қымбаттап отырады. Осындай шығындарды есептегенде, біздің өнімдерімізге қойылған нақты баға зауыт шығынын жаппайды. Сондықтан келесі жылы біз өнім бағасын 3-5 пайызға көтерсек деп отырмыз.

Елена ЛИ, Dolce ЖШС бас директоры:

Dolce – бұл дамыған отандық кәсіпорын.
Мұнда импорттық шикізаттан өнім өндіру толық автоматтандырылған жөлілерде жүзеге асырылады. Өндірістік кешен Алматы облысында ынтымақ ауылында орналасқан. Кәсіпорын 450 адамды жұмыспен қамтып отыр. Зауытта 6 өндірістік шеберхана бар. Олар да: дәрі-дәрмектер (бөлсендірілген көміртегі), медициналық маскалар, медициналық киім-кешек, операцияларға арналған жиынтықтар және анализдер жинауға арналған контейнерлер өндіріледі. Биыл біз маскалар ауқымын кеңейтіп, гинекологияға қажетті заттар, тыныс алу маскаларын, балаларға арналған маскаларын, сондай-ақ үлгісі қарапайым балалар маскаларын шығара бастадық. Биылғы жылыға арналған келісімшарт бойынша 11 миллион медициналық бетпердемен жабдықтау қарастырылған. Оның 2,3 миллионы жеткізілді. Сонымен қатар биыл СК-Формация қосымша 1,3 миллион респиратор мен 4 миллион маскаға тапсырыс берді. Компания өнімдерінің бағасы нарықтағы бағамен өлшенеді. Пандемия кезінде медициналық заттардың шарықтап кеткенін байқоймыз. Әсіресе, бұл медициналық маска тапшылығымен байланысты болды. Мемлекет бағаны жіті қадағаламаса, алыпсатарлардың кесірінен баға өсіп кетіп отыр. Осы жағын жіті бақылауда ұстауымыз керек деп ойлаймын.

Айнұр БІКЕБАЕВА, «Әлмерек» ЖШС директоры:

«Әлмерек» компаниясы Қазақстан бойынша 1200 мемлекеттік медициналық мекемелерді қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдармен тиімді қамтамасыз етеді. Кәсіпорын бір реттік медициналық мақсаттағы бұйымдардың отандық өндірушісі. Біз бірыңғай дистрибьюторлық жүйе арқылы тапсырысты орындаймыз. Компанияның мақсаты – халықты тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету. Фармацевтикалық саланың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Компания елімізде тіркелген 60 өнім түрін шығарады. Өнімдеріміз ISO халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған. Бұл – медициналық киім, таңғыш, қолғап, майлық, маска. Қазіргі уақытта компания дегерлерге қажет нәрсенің бәрін шығаруды жағастыруда. Өнімдеріміз белгіленген шекті баға арқылы дистрибьюторлар арқылы таралады.

Жазып алған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Елорда күні мерекесі қарсаңында Шымкент қаласында 9 инвестициялық өндіріс орны іске қосылды. Ашылу салтанатына қала әкімі Мұрат Әйтенов онлайн режимде қатысты.

Онлайн-жиында Мұрат Дүйсенбекұлы жаңадан ашылып жатқан кәсіпорындармен тікелей эфирде байланысқа шығып, еңбек ұжымдарымен пікір алмасты. Шаһар басшысы өз сөзінде елімізде мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке жоғары қолдау жасалып отырғанына тоқталып, нәтижесінде үшінші мегаполисте жаңа жұмыс орындарының ашылып жатқанын атап өтті.

«Бүгінгі таңда Шымкент қаласы өнеркәсіп пен сауданың, мәдениет пен өркениеттің қаласы болып саналады. Астана күні мерекесі қарсаңында қала аумағында бірнеше жаңа инвестициялық өндірістік жобалар іске қосылды. Қаламыздағы өнеркәсіп кәсіпорындары «Бизнестің жол картасы-2025» және экономиканың басым салаларын дамытудағы «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылуда. Еліміздің мұндай жетістіктерге жетуі Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасы», — деді қала әкімі.

Елорда күніне орай Шымкент қаласы аумағында іске қосылған жобалардың жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайды. Соның нәтижесінде 140 адам жұмыспен қамтылған. Оларға тоқталсақ, «QagazOrdasy» ЖШС — А4, А 3, А 2 форматтағы қағаз өндіру фабрикасы; «NURTAU distributioncompany» ЖШС — шоколадты кәмпит және сағыз



шығаратын кондитерлік фабрика құрылысы; «PROF AKS» ЖШС — шыны пакеттерге арналған алюминий дистанциялық жақтаулар өндірісі; «NEW TECHNOLOGY» ЖШС — дизельдік генератор зауытының құрылысы; «Арман Агро» ШҚ көлемі 3,7 га өндірістік жылыжай; «Зәуре» ШҚ көлемі 3 га өндірістік жылыжай; «Керемет Сапа» ЖШС Интенсивті алма бағы; «ККК» ЖШС құс фермасы; «Нормухамедов» ЖК бал өндіру.

Айта кетсек, қазіргі таңда қала аумағында құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, металлургия, мұнай-химия өндірісі және т.б. салаларда 600-ден аса өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс істейді. Қалада 426 гектар аумақта «Оңтүстік» және «Тассай» индустриялық аймақтары орналасқан. Аймақтарда 6 мыңнан аса жұмыс орнын құрайтын 125,6 млрд теңгеге 124 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде, 69,1 млрд теңгеге 81 жоба іске қосылтып, бүгінде 4 мыңнан аса жұмыс орны ашылды.

Сонымен қатар 200 гектар аумақта «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы табысты жұмыс істеуде. Аймақта 3 мыңнан аса жұмыс орнын құрайтын 90,1 млрд теңгеге 42 жоба іске асырылуда. Бүгінгі таңда 30,8 млрд теңгеге 17 жоба іске қосылып, 1,5 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

ОМАРТАШЫНЫҢ КӘСІБІ ӨРГЕ ДОМАЛАУДА

Астана күніне орай ашылған жобаның бірі — Абдулабад тұрғын алабындағы «Нормухамедов» жеке кәсіпкерлігі елімізге бал ара шаруашылығымен танымал. 2007 жылдан бері бал ара шаруашылығын дамытып, асылдандыруға мемлекеттен қаржылай қолдау алып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Алыс-жақын шетелдерге асыл тұқымды аналық аралардың өнімін сатып, жылына 100 тоннадан астам бал өндіретін қуатқа жетті. Бүгінде өнімдерін Ресей және Қатар елдеріне экспорттауда. Қазір 5000-нан астам бал ара ұясы бар.

Руслан Нормухамедов бұл кәсіптің қыр-сырымен бөлісті. Экологиялық таза өнім



АЙТУЛЫ МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ



болғандықтан табиғи әселге сұраныс жоғары көрінеді.

«Мемлекеттік қолдаудың арқасында өндірісті дамытып жатырмыз. Былтыр 50 тонна өнім өндірілді. Биыл оны 70-80 тоннаға дейін жеткізсек деген жоспар бар. Біздің өндірісіміз ауа райына да байланысты ғой. Қазір бізде негізінен балдың төрт түрі бар. Олар Оңтүстікте ғана өндіріледі. Негізгі тұтынушыларымыз — Ресей және Таяу Шығыс елдері», — дейді кәсіпкер.

Жұбайы да бұл кәсіпке көмектеседі. Өзі осы бағытта шетелге барып, білімін шыңдап келген.

Айта кетсек, аталған жеке кәсіпкерлікке 2018 жылы 5,8 млн теңге, 2019 жылы 15 млн теңге субсидия берілген. Биылға 25 млн теңге мемлекеттік жәрдем көрсетілме.

ТАБИҒИ ҚҰС ЕТІНЕ СҰРАНЫС КӨП

Тассай тұрғын алабындағы құс шаруашылығына маманданған «ККК» шаруа қожалығының қайнаған қызу тірлігіне көз сүйсінеді. Жеңілдетілген несиенің арқасында құс шаруашылығын одан әрі дамытуға ден қойған шаруашылықта жылына 20 тоннаға дейін ысталған өнімдер дайындалады. Қазіргі таңда фермадағы жалпы құс басының саны — 5000. Оның ішінде: жұмыртқалайтын меккен тауық — 2000, қаз — 1000, үйрек — 100, балапан 1000 бас екен.

29,0 гектар аумаққа жайғасқан фермадағы кезең-кезеңімен атқарылатын жұмыс барысы кенінен түсіндірілді. Максат пен ынта болса, жүйесін таппайтын іс жоқ. Қожалық басшысы Климент Киановичтің сөзінен осыны ұқтық. Әрі мемлекеттен берілетін субсидия да шаруаларға зор көмек. Кәсіпкер құс шаруашылығына кездейсоқ келгенін айтады.

«Құс шаруашылығы саласында жұмыс істеймін деп ойламаппын. 10 жыл мемлекеттік мекемелерде еңбек еттік. Құрылысшы болдым. Ойлана келе, кәсіпте бағымды сынауға бел будым. Содан 2009 жылы осы аумақтан жер теліміне қолым жетті. Бірден құрылысты бастап кеттім. Жан-жағына бай-бақша егіп, әрі құрылыс жұмыстарын қатар қолға алдым. Дәл 10 айдан кейін бірінші өнімге қол жетті. Асыл тұқымды құстарды Қабардин-Балқария, Венгриядан іздедім. Санкт-Петербургтен жұмыртқасын әкелдім. Құс басын осылай көбейттік. Менің бар мақсатым — шымкенттіктерге табиғи құс етінен дәм таттыру», — дейді кәсіпкер.

Шымкентте құс шаруашылығымен айналысатын негізгі үш ірі ферма бар. Соның

бірі осы — «ККК» шаруа қожалығы. Қазіргі карантин жағдайына байланысты өндірістің көлемі сәл баяулаған. Алайда уақыт сәтіммен кәсіптің көкжиегін кеңейте бермек.

Балапан басып шығару, тұқымды асылдандыру, ыстау және сақтау технологиялары, бәрі де автоматтандырылған. Әр жұма сайын балапандар басып шығарылады. Мұнда орта есеппен алғанда 20 адам нәпакасын тауып жүр.

СИММЕНТАЛЬ СИЫРЛАРЫ КӨП СҮТ БЕРЕДІ

Келесі шаруа қожалық та отбасылық кәсіптің игілігін көріп келеді. Абдулабад тұрғын алабындағы «Зертас» шаруа қожалығы асыл тұқымды ірі қараның санын көбейтуде. Жеңілдетілген несие және мемлекеттік қолдау арқылы 2019 жылы Аустрия елінен 128 бас етті-сүтті асыл тұқымды (Симменталь) сиырлар әкелген.

Жалпы аумағы 2,25 гектарды құрайтын шаруа қожалықта сиырларды тұрақты ұстау, асыл тұқымды бұзауларды өсіру аймағы, «Параллель» сауу қондырғысы, сүтті жинау аппараттары, бәрі заманауи инновациялық технологиялармен жабдықталған.

Шаруашылықта қазір 161 бас ірі қара бар. Кәсіпкер Ержан Нұрбеков жыл соңына дейін мал басын 300-ге жеткізіп, шаруашылықты кеңейтуді жоспарлап отыр.

Аустриядан әкелінген асыл тұқымды сиырларға барлық жағдай жасалған. Ержан Нұрбеков бұл кәсіпті қалай бастағанын айтып берді.

«Бұл бизнесті 2015 жылы осы аумақтан жер алып, алма бау егуден бастаған едім. Оны 2 жыл күтіп баптадым. 2018 жылы мал шаруашылығына ауыстым. Украина, Белоруссияға барып, біздің табиғатқа қолайлы ірі қараны іздедім. Өбден зерттедік. Ақырында таңдау симментальға түсті. Оны былтыр Аустриядан әкелдім. Көбейіп жатыр. Бейімдеуден өтті», — дейді ол.

Тәулігіне 3,5 тонна сүт сауылады. Бір кіргенде 20 бастан сүт алынады екен. Сиырлар өздері кіреді. Бәрі



автоматтандырылған. Бір сиыр орташа есеппен 18 литрден сүт береді. Жасқы қараса, өнім мөлшерін одан да арттыруға мүмкіндік бар.

Таза сүтке сұраныс жоғары. Өнімді өткізу үшін «ФудМастер» компаниясымен келісімшарт түзіліпті.

Сүт өндірісіне мемлекеттен қолдау алуға. 2019 жылы 30,2 млн теңге субсидия бөлінген. Жалпы бұл кәсіпкерлікке 350 млн теңге инвестиция бағытталып отыр.

Ал жем-шөптен еш қиындық жоқ. Қара бидай, жүгеріні өздері еккен. Енді кәсіпкерлер алған өнімдерін қайта өңдеуге бет бұрмақ.

Карантин жағдайында да шаруалар өз қамдарын жасап, кәсіптерін дамытып отыр. Қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Данабек Аписковтың мәліметінше, 2020 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 7 399,5 млн теңгені құраған. Қалада 4 102, 2 тонна ет, 13 311,4 тонна сүт, 48,6 млн дана жұмыртқа өндірілді.

Шаһарға қарасты шаруашылықтарда қазіргі таңда ірі қараның саны — 75,2 мың, қой мен ешкі — 109,1 мың, жылқы — 14,7 мың, түйе — 29 және құс 955,9 мың бас болып отыр.

Мал шаруашылығын дамытып, өнім көлемін арттыру мақсатында бүгінде жалпы сомасы 2,3 млрд теңгені құрайтын 7 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде жыл соңында қосымша 210 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру бөлімінің басшысы Жәнібек Тоғайдың айтуынша, жергілікті өнім өндірушілер қала халқын жұмыртқамен 80-90 пайыз қамти алады. Қалғаны басқа өңірлерден әкелінеді.

Ара шаруашылығының қарқын алғанына биыл үшінші жыл. Егер қолдау жеткілікті болса, әрі қарай да дамы бермек.

Ал сүт өндірісімен әзірге 2 қожалық айналысады. Ынтыла кәсіпкерлер баршылық. Оларға ең бірінші жер телімі, мал қора қажет. Егер осы мәселе шешілсе, алдағы уақытта бұл саланың да әлеуеті артпақ.

«ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ»

Шымкент қаласы Табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ахмет Татыбаевтың қатысуымен атқарылған жұмыстар және жоспарлар бойынша брифинг өтті.

Баспасөз мәжілісінде Ахмет Өтегенұлы аталған басқарманың 6 айлық жұмысын қорытындылап, алдағы жоспарлары жайлы айтты.

«2020 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер түсімі 975,916 млн теңге көлемінде жоспарланып, осы жылдың 5 айында нақты өндірілген төлемдер 440,5995 млн теңгені құрады, яғни жылдық жоспар 45,15 пайызға орындалды. Ал алты ай қорытындысында бұл көрсеткішті 50 пайыздан асырамыз деп отырмыз. Қазіргі таңда біздің басқармаға қарайтын «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мен «Жасыл белдеу» мекемесі бар. Өздеріңізге мәлім, бүгінге дейін «Дендро саябағының» жағдайы мүшкіл болған. Саябақта 1979 жылы 560 ағаш түрі болса, бұл күнде 200-дей ғана ағаш-бұта түрі қалған. Яғни «Қызыл кітапқа» енген ағаш түрлері де бар. Осы олқылықтардың орнын толтырып, бүгінгі таңда ағаш түрін 350-ге жеткіздік. Алдағы екі жылдың ішінде бұл көрсеткішті 560-қа жеткіземіз. Одан бөлек, биыл саябақта басқа да жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, веложол төселіп, 673 жарық беруші қоюдамыз. Мұны жыл соңына дейін аяқтаймыз деп отырмыз. Сондай-ақ өбден тозығы жеткен суғару жүйесіне қаржы бөлініп, суғару жүйелері толық орнатылады», — деді басқарма басшысы.

Аталған брифинг барысында А.Өтегенұлы басқармаға қарасты «Жасыл белдеу» мекемесі жайында сөз қозғалды.



«Жасыл белдеу» — қаламыздың өкпесі. Сол себепті бұл қала әкімінің қатан бақылауында. Жоспар бойынша 2025 жылға дейін қаланың сыртындағы жасыл белдеу толығымен орындалады. Мұның барлығы Үкіметтің қаулысымен шаһардың даму жоспарындағы 85-тармағында бекітілген. Осы орайда атқарылған жұмысымыздың бір бөлігін жеткізе кетсем, Достық мөлтекауданы, Ақбосаға көшесіндегі 900 м жол бойына отырғызылған ағаштарға күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді. 1600 дана раушан гүлдері, 300 дана бозарша, 773 дана жай жапырақты ағаштарының түбін қосытып, суғару шұңқырлары жасалып және ағаштар суғарылды. Сондай-ақ, осы жылы орман және дала алқаптарында өрт ең көп болатын жерлерге қосымша 2 бекет ұйымдастырылды», — деді А.Татыбаев.

Брифинг соңында басқарма басшысы Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі жөнінде халықты хабардар етуді қамтамасыз ету мақсатында қалалық бюджеттен қаржы бөлініп, 2 дана LED экранды орнату үшін қала аумағынан жер учаскелерін рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, осы жылдың алты айында «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағына» 101578 демалушы келген. Нәтижесінде, жергілікті бюджетке 2 803 225 теңге салық төленген. Саябаққа кіру ақысы — 26,51 теңге. Ескертетін жайт, карантин режимі сақталуына байланысты саябақта ұсынылатын ақылы қызмет түрлері жүргізіліп жатқан жоқ.

54 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Шымкент қаласында 1 шілде күні «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары баспана бойынша мәселе көтерген болатын. Қала басшысы М.Әйтенов тұрғындардың бұл шағымна назар аударып, аталған жайт екі күн ішінде шешілетінін жеткізген еді. Қала әкімінің бұл уәдесі орындалып, бүгін салымшылар қуанышқа кенелді.

Шымкент қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасымен 54 отбасы баспаналы болды. Оларға бұл бағдарламаның «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы бағыты бойынша «Нұрсәт» тұрғын алабы, Н.Назарбаев даңғылында орналасқан 9 қабатты 112



пәтерлік №24,26 (5,6) тұрғын үйлердің кілті табысталды.

Аталған бағдарлама бойынша берілетін пәтерлердің 50%-ы жергілікті атқарушы органдар тұрғын үйге мұқтаж азаматтар кезегінде тіркелген банк салымшыларына (көпбалалы, толық емес және мүгедек бала асыраушы отбасылары т.б.) берілу жоспарланған.

Бүгінгі таңда «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» ішкі құжаттарына сәйкес бұл тұрғын үйлердің пәтерлері балдық жүйеде 73 банк салымшыларына бөлініп, иелеріне пәтер кілттері тапсырылды.

Бетті дайындаған Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

Қазақ баспасөзі

XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің ұлттың санасын оятудағы маңызы зор болды. Ұлт рухын оятуды мақсат еткен, халықты өнер, білімге үндеген, етек-жеңін жиып, еңсесін тіктеуге жетелеген «Қазақ» газетінің дара жолын төңкерістің алды-артында шыққан қазақ басылымдарының дені үлгі тұтты. «Қазақ» газеті салған соқпақ жолды сүрлеуге айналдырды. Жердің шалғайлығына қарамастан, әр аймақта шыққан қазақ басылымдарының мақсаты бір, бағыты айқын еді. Ол – алаштың жолы, тәуелсіздікті ұлы мұрат еткен күрескерлік жол. Алаштың жолында иық тірестіре тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Абай» сынды басылымдардың патриоттық ұстанымы, ұлтжандылық қасиеті бүгінгі басылымдардың қай-қайсысына болса да үлгі болатындай.

«Абай» деген журналдың жарық көретінін алғаш рет оқырмандар «Сарыарқа» газетінің 1917 жылы 26 желтоқсандағы 26-санының алғашқы бетіндегі «Құлақтандырудан» біледі. «Алғашқы жазып тұрушылар: Мәннан Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, Сейітбаттал Мұстафин. Бағасы: 1 жылға 13 сом, жарты жылға 7 сом, үш айға 3 сом, бір нөмері 60 тиын. Адресі: Заречная Слободка Семип. Редакция журнала «Абай» деп оқырмандарға журналды насихаттау жарнамасы басылады. Осылайша журналды алғашында 15 қаңтарда шығармақшы болғанымен, баспаханашылар ереуіл жасап, кешігіп шығады. Журнал айына екі мәрте шығады делінгенмен, ақпан айында ғана екі рет шыққан, қалған уақыттарда айына бір рет шығып отырды. Кей саны 16 бет, кей саны 17 бет, кей саны 21 бет көлемінде жарық көрді.

«Абай» журналын ашқандағы мақсат Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде көркейтіп нығайтпақ. «Абай» журналының алғашқы санында онын ұстанған жолының бірі Абайдың өмірі, кара сөздері, өлендері басылып тұрмақ» деген. Зерттеушілердің айтуынша, журналды шығару жөніндегі ұсыныс қазақ зиялыларының арасында Абай Құнанбайұлы қазасының он жылдығына арнап Семей қаласында өткізілген үлкен жиылыс үстінде бекітілген екен. Алайда сол кездегі тарихи жағдайларға байланысты, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталып кетуі және патшалық Ресейдің отарлау саясатының бұрынғысынан да күшейе түсуінен журнал шығару кейінге қалдырылған. Араға біраз жылдар салып алаш ұранды басылым – «Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан бастап Алаш қаласында *(қазіргі Семей)* шықты.

Журналдың мақсатын, бағытын алғашқы санында редактор Жүсіпбек

қабатты сауда үйінің ауласында орналасканы, 1962 жылы жүргізілген құрылыс жұмыстарына байланысты бұзылып тасталған осы ескі ғимараттын орнында қазір «Дана» сауда кешені тұрғаны, сондай-ақ кезінде меценат Қаражанның «Абай» журналын жарыққа шығаруға да қаржылай көмек жасағаны туралы жазлады.

Журналдың қанша саны шыққандығы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Баспасөз тарихын зерттеуші Б.Кенжебасвтын: «Абай» журналы 1918 жылдың ақпан айынан сол жылғы қазан айына дейін Алаш қаласында шығып тұрды. Жиыны 11 саны шықты» деген пікірімен үндес пікірлер К.Аллаберген мен Ө.Әбдіманұлы, М.Мұқашева еңбектерінде көрініс тапты. Ал «Абай» журналының 12 саны шыққан деген пікір 1992 жылы қайта басылып шыққан «Абай» журналы арқылы оқырманға жетеді. С.Мұқанов та журналдың 12 саны шыққандығын айтқан. Сонымен қатар, академик Уәлихан Қалижанов, профессор Бауыржан Жақып, қайта шыққан «Абай» журналының алғашқы шығарушы-редакторы Р.Мұсаұлы журналдың 12 саны шықты деген пікірді ұстанған. Алаштанушы ғалым К.Нұрпейісов те өзінің «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде басылымның 12 саны ғана тарады» деп жазған. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың өзі «Абай» қалай жабылды?» макаласында: «Откен 1918 жылдың ақпанынан бастап «Абай» журналы оқырманға тарап, 12 саны шығып, 10 ай өмір сүрді» деп журналдың 12 нөмірі шыққандығын айтады.

Бізде өз тарапымыздан «Абай» журналының 12-ші санын іздестірдік, ақыры үмітіміз ақталды. Журналдың соңғы саны, 2017 жылдың наурыз айында, Алматы қаласындағы Әуезов мұражай үйінен табылды.

«Абай» журналының 12-ші саны 1918 жылдың 15 қарашасында жарық көрген екен. Ұлттық руханияттын олжасына айналған журналдың соңғы санында Мұхтар Әуезовтің «Өліп таусылу қаупі», Шәріп Ақпанның «Опасыздық, берекесіздік»

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫНА АЯЛДАҒАНДА

мақаласы, «Кооперация жайынан», «Жұмсаушы жалшы» *(авторлары көрсетілмеген)* мақалалары, Ғайса Токтарбековтің «Ғылым тілі туралы»




Аймауытов «Журнал туралы» атты мақаласында айқын көрсетті. Абай Құнанбайұлы қазақтың тұрмыс-тіршілігін, қазақ мінезінің кемшілігі мен артықшылығын көрсеткен ақын. Сондықтан да журнал саяси, мәдени, шаруашылық, әдеби бағытын бірдей алып жүруді мақсат еткен. Ошақтың үш бұты сияқты әдебиетті де, ғылымды да, шаруашылықты да қатар қамтыған журналдың негізгі тақырыптары: Абай өнері, Абай ұрпағының шығармашылығы, ғылым, білім, жанадан ашылып жатқан кооператив, серіктестіктер туралы және әйел теңдігі мәселесі. Сондай-ақ журналдың жиі көтерген тақырыбы — алаш тақырыбы. Басылымның үшінші санынан бастап, Алашорда үкіметінің іс-әрекеті үзбей жарияланып отырды.

«Абай» журналының алғашқы санының соңғы бетінде «Шығарушы: Жүсіпбек Аймауытов, Бастырушы: «Жанар» ұйымы деп басылғанымен журналдың 2-санында «Баскармадан» деп түзету енгізілген хабарлама жарияланған. Онда: «Алғашқы нөмірінде шығарушы Жүсіпбек Аймауытов, бастырушы «Жанар» ұйымы деп қате басылған. Түзуі — шығарушы: Алаш қаласындағы «Уақ қарыз серіктігі» деп түзету енгізеді. Бұл түзетуден аңғаратынымыз, «Абай» журналына қаржылық көмек көрсетіп, шығуына жәрдем берген сол кездегі «Уақ қарыз серіктігі» екені анық. Осылайша, «Абай» журналы «Уақ қарыз серіктігінің» қаржылай қолдауымен шығып, қазақ комитеті баспаханасында басылып шығады. Қазақ комитеті баспаханасы Семейдегі ағайынды Нығматулиндердің «Жәрдем» баспаханасының негізінде ашылған. «Жәрдем» баспаханасы Семей облыстық қазақ комитеті жанынан сол кездегі ауқатты адамдардың қаражатына сатып алынса керек. Мәселен, Токтарбай Қазбалинов «Абай» журналын ашуға қаржы берген Қаражан мақаласында банкротқа ұшыраған бұл баспахананы Қаражан Үкібаев 11 мың рубльге сатып алғаны, әуелгіде баспахана пехы татар көпесі Садық Нығматулиннің қала орталығындағы биік екі



Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің есімдері қатар аталып жүрді. Ал соңғы жылдары зерттеушілердің біразы «Абай» журналының редакторы Ж.Аймауытов екендігін айқын көрсетеді. Ақиқатқа жүгінесек, журналдың 2, 3 сандарында ғана «Шығарушы — Баскарма» деп көрсетілген, ал қалған 1, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12 сандарында



«Шығарушы — Жүсіпбек Аймауытов, кей сандарында Юсупбек Аймауытов» деп жазылған. Сондықтан журналдың редакторы Жүсіпбек Аймауытов болды деп сеніммен айтамыз. 1918 жылы 2 сәуірде Сталиннің Мәскеуден телеграф желісі арқылы Семейдегі Алашорда үкіметі басшыларымен қазақ автономиясы туралы сөйлескен хабарын алғаш естісімен Ж.Аймауытов пен М.Әуезов «Абай» журналында: «Қуаныш құтты болсын! Журналымыз басылып қойғаннан кейін мынандай қуанышты хабар алып, теңдікке, билікке сусаған Алаштың ауылын қуантқалы журналдың тысына осы хабарды асығып басып отырмыз. 20 март күні *(ескіше)* Мәскеудегі Совет үкіметінің басшысы Ленин мен халық комиссары Сталиннен Әлихан Бөкейханов пен Тоғжан Ғаббасовтың атына жеделхат келді. Мұндағы Халел, Әлімхан «прямой переводпен» ауызба-ауыз Ленин мен Сталинге телеграммамен сөйлескендегі жауабы мынау: «Әр халықтың өз билігін өзіне береміз деп шашқан закон-жарлығымыз сол қалпында, айтқанымыз айтқан» деп қол қойған екен. Мәскеуден келген жеделхатта қазақ халқы өзінің автономиясын жариялай алады. Ол үшін комиссия құрып, істі тездету керек екенін айтып, өз теңдіктеріңіз өздеріңізде болады деген уәде беріледі.

Дәл осы сәтті, осы сөзді тағатсыздына күтіп отырған қазақ жұрты қуанышын жасыра алмай баспасөз бетіне жариялайды. «Ал, Алаш! Қабағың қатып, көңілің жабылып түр едің. Ілгері басқан аяғың кейін кетуге таянып еді. Бодалық көліне түсіп жоғала жаздап едің... Құдай берді, Жарылқалы!» деп журнал бетіне өздерінің қуаныштарын білдірген болатын. «Абай» журналының әр санында Мұхтар Әуезовтің мақалалары басылып отырған. М.Әуезов: «Баспасөзде жұмыс жасауым 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен тығыз байланысты. Ондағы мақалаларым сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастық шақтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты» деп жазды. Осы қолжазбаға орай академик Уәлихан Қалижанов «Атына заты сай келе бермеген журнал қызметі оны қызықтыра қоймады» дейді.

Алайда М.Әуезовтің құатты қаламынан туған «Ғылым», «Философия жайынан», «Жапония», «Ғылым тілі», «Мәдениет һәм ұлт», «Абайдың өнері һәм қызметі», «Өліп таусылу қаупі» т.б. ғылыми-танымдық мақалаларының мән-маңызы зор болды. «Абайдың өнері һәм қызметі» — М. Әуезовтің абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық-шығармашылық зерттеу еңбегі. Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 2-санының 1-3 беттерінде жарияланды. Журналдың 2-санында М.Әуезовтің 3 мақаласы қатарынан жарық көрген. «Абайдың өнері һәм қызметі» «Екеу» деген бүркеншік есіммен берілсе, «Қазақ ішіндегі партия неден?» — «М.Ә», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» «Мұхтар» деген атпен жарияланған.

Осылайша, М.Әуезовтің мақалалары «Абай» журналының әр санына, тіпті бір санына екі-үш мақаладан жариялап отырған. Сондықтан оның «Абай» журналына көңілі толмаған деген пікірге толық қосыла алмаймыз... М.Әуезовтің қарымды қаламынан туған осындай мақалалары жариялана тұра, жазушы сол ертерек кезеңде өз қолымен толтырылған жеке іс қағаздарында «Абай» журналындағы қызметі жөнінде еш нәрсе айтпайды. Оның «Абай» журналындағы қызметі туралы бұрындары айтпай қалуы кезінде «Абай» журналына саяси айыптар тағылып, оны «Семейдегі Алашорда облыстық комитетінің тілі» деген еді.

Хакім Абайдың қос ұлының шығармаларымен де оқырман «Абай» журналы арқылы қауышты. Ақылбай Абайұлының «Дағыстан» поэмасы романтикалық сарында жазылған алғашқы туындының бірі, адамзаттын мәңгілік мәселесі — әділет пен жауыздықтың айкасын шынайы суреттеген шығарма. Ал Мағауия Абайбасының

ақындық қабілетін айқын көрсететін «Медғат-Қасым» поэмасында әр заманда көрініс беретін әлеуметтік тенсіздік мәселесі көтерілді. Данышпан Абай ұрпақты да әке үлгісімен ар-ұжданлы, әділеттікті, адамшылықты ту етіп көтерді.

Шәкәрім Құдайбердіевтің «Шын бақтың айнасы» атты философиялық пайымдауы

«Абай» журналы бетінде жарық көрді. Журналдың «Мысқылдар», «Ескі сөз», «Билер сөзі», «Абай сөзі», «Өлендер» *(кейде — Өлен)*, «Тілшілерден», «Уақ-түйек» айдарлары болды. Басылымда Л.Толстой, В.Гюго, К.Жаффас, В.Бронцтың шығармаларынан аудармалар басылды. Журнал бетінде жарнамаға да орын берілді. Әрине, бүгінгі күнгедей сан-салалы жарнама емес, ел руханиятына қосылып жатқан газет, журналдар, қаламгерлердің баспадан басылып шыққан жаңа туындылары жарнамаланды. Журналдың алғашқы бағасы 13 сом көлемінде болса, мамыр айынан бастап *(5-санынан)* жазылу бағасы көтеріліп, 20 сомға жетті. Журналдың 900 жазылушысы болған.

Қазіргі зерттеушілерді тығырыққа тіреп отырған мәселе бүркеншік аттардың сырын ашу болып отыр. Кезінде ғалымдар Ү.Субханбердина, Б.Кенжебаев, Т.Кожакеевтер лақап аттын құпиясын ашуда біраз тер төккені мәлім. Алайда сыры ашылмаған бүркеншік есімдер қаншама? Бір зерттеушінің ашқан бүркеншік есімін екінші зерттеуші жокқа шығарып жатқан жағдайлар да жетерлік. «Екеу» деген бүркеншік есімнің иесін табу да көп қиындық тудырғаны анық. «Байымбет» атты бүркеншік есіммен материал жариялаған қаламгерді анықтау зерттеушілер арасында даулы мәселеге айналды.«Алашорданың» шежіресі іспеттес «Тұңғыш құрбан» атты репортажды жазған «Байымбетті» Бейімбет деп алғаш көрсеткен Сәкен Сейфуллин болды.

1918 жылы жарық көрген «Абай» журналының жасампаздығы — «Алаш» жолымен үндес, тілектес болуы. Осылайша, «Абай» журналының 3,4,6,7,8,11 сандарында басылған жарияланымдар мәтінінде «Алаш» сөзі 53 рет қолданылған. Осы арқылы «Абай» журналы «Алаш» идеясының ту

ұстар басылымы болғанына тағы да көз жеткіземіз. Журналдың алғашқы санында: «Түс-тұсынан жау қысып, мал мен басқа дау түсіп, дағдарып, қазақ сасқан соң орысқа келіп бағынды... Береке кетіп азып тозды... Сол кезде қалың надан, қара тұманды қак жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды» деп халықтың еңсесін тіктейтін заман туғанын, сол заманның көшінен қалмай халықтың рухын ояту үшін «Абай» журналы дүниеге келгенін бағамдайды. Шығарушылар «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді. Қалай бітіргенінен емес» деп Абай айтқандайын, талабым — таяғым, жігерім — азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай — қазығым деп үмітпен шығарып отыр» дейді. Журнал шығарып отырған баскарма Абайдың ұлылығына, оның еңгесіне қарап басылымның бағытын, мақсат-мүддесін нақтылайды. Абай ұстанған ақиқат жолын саралайды. Жапония секілді дамыған елдердің қатарына қайтсек жетеміз деген армандарын ашық жазады. Өркениеттің үлгісін жасауға күш-жігер, бар ынта-ыждахаттарымен кіріседі. Расында «Абай» журналы өз заманының шындығын жазуды мақсат етті. Шығарушы бес-алты адам өз күшіне сеніп шығарып отырмағандықтарын жеткізеді.

«Баскармадан» деп басылған хабарландыруда: «Ақ қағаз таба алмаған соң сыпайы болсын деп сары қағазға басып отырмыз» деп жазады. Әрине, журналды сары қағазға басу да, оның көлемін бұрынғысынан кішірейту де қаржы тапшылығын сездірсе керек. Қолымызға тиген журналдың түгелдей 12 саны сары қағазбен басылған *(9-шы санынан басқасы. 9-шы саны табылмады)*. Журналдың 5-санынан бастап, бағасы қымбаттап, журнал көлемі кішірейеді. Ол туралы журналдың бірінші бетінде оқушыларға оқарланады: «Мұнан былай журналдың бағасын көтермесек, зиян мойынға мініп жүре алмай тоқтап қалу шексіз. Журнал 5-ші санынан кейін өзінің көлемін кішірейтіп, бағасын өсіреді» делінген. Осылайша, журнал өз бағыт-бағдары бойынша айына бір рет шығып тұрады.

Баспасөзде Абайдың өнері мен шығармашылық мұрасын зерттеу Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынөв пен Міржақып Дулатұлының жазғандарынан бастау алады. «Екеу» деген бүркеншік есімді автордың «Абай» журналында жарық көрген «Абайдың ақындық өнері һәм қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында парасат алыбының сөздері мен аудармашылық шеберлігіне терен талдау жасаған. Ақынның дүниеге келген күнінен бастап, қолына қалам алған уақытындағы шығармашылығы мен Абай сөздеріне баға беріледі. Ен алдымен Абайдың қиялын, ойының тереңдігін, «қызыл тілді» шешендігін атап айтады. «Абайдың ақындық өнері тар жолды, біртеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы» деп атап көрсетеді. Оның сегіз қырына да тоқталады. Философиялық толғамадары, сыни тұрғыдан қарау, шебер суреткерлігі, әсемдікке ұмтылысы, ашы ызатын кернеуі, жүрек үнін атаған. Абайдың аудармашылығына тәнті болады. Абайдың көп өнерінің бірі аудармашылық екенін білеміз.

Қорыта келе, «Абай» журналы арқылы біз алдымен Абайды танимыз. Абай жүрген жолды бағамдаймыз. Абайдың соңынан ерген ақын, жазушы інілерінің қоғам үшін, әдебиет үшін жасаған істеріне баға береміз. Осы жолда Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды қаламгерлердің журналистік, редакторлық қызметін саралаймыз. Сондай-ақ «Абай» журналының абайтану, әуезовтану, жөзбектану ғылымдарында үлесі мол екеніне күш жеткіздік. Алаштануда өзіндік орны бар журналдың мазмұндық идеясы, санаға қозғау салған ұлттық бағыты бүгінгі Тәуелсіздік идеясымен сабақтас.

Алтың АҚЫНБЕКОВА,
зерттеуші, PhД докторы



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz



Біз Отырарды көне қала ретінде ғана танимыз. Алайда оның орта ғасырлардағы әлемдік өркениеттегі орны мен жеткен жетістігін толық біле бермейміз. Отырар қорық музейінде атқарылып жатқан жұмыстарды насихаттау, жалпы халыққа Отырар мәдениетін таныту ешқашан тоқтамақ емес. Қазіргі пандемия кезінде де біраз шаруа атқарылып жатыр. Мұны біз Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінің баспасөз хатшысы Үрзия Жұмабайқызынан сұрап білдік.

Ол карантин кезінде атқарылып жатқан жұмыс жөнінде баяндады. Үрзия Жұмабайқызы «Дәл қазір Отырар қалашығында солтүстік қақпаларды, қамал қабырғаларын, тұрғын кварталдарын, үлкен көшелерін, мешіттерді және қыш шеберханаларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай «Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының жаңа визит орталығында Әл Фарабидің экспозициялық залы жабдықталып, ресми ашылуына дайындалуда. Қазіргі таңда жоспарланған іс-шаралар онлайн форматта ұйымдастырылып, әлеуметтік желі арқылы насихатталуда. Карантин жағдайында келушілерді қабылдай алмағандықтан, экскурсияларды онлайн форматта өткізіп жатырмыз», — дейді.

Отырардың мәдениетімізде алар орнын насихаттау — әрбір отандасымыздың міндеті. «Өркениет болу үшін бір қала да жеткілікті». Бұл ежелгі заманның ойшылы Страбонның сөзі. Ежелгі грек саяхатшысы «Йаксарт сақтар мен соғдылардың арасын бөліп тұр» деп дәл айтқан. Тарихшылар ертеректе Йаксарт деп аталған Сырдария өзенінің бойында ірілі-ұсақты жүзден астам қала болғанын алға тартады. Көне шаһарлардың арасында Отырар қаласы Қазақ жеріндегі мәдениет пен өркениеттің бесігі ретінде өзгелерден озық тұр. Бұл жерде дамыған қала мәдениетіне қатысты таным-түсінік қалыптасты. Мұны Отырардың жер-жиһанға танымал перзенті Әбу Насыр Әл Фарабидің еңбегінен де айқын байқалады. Ұлы ойшыл «Ізгі қаланың тұрғындары» деп аталатын трактатында «Жоғары деңгейдегі игілікке шаһарда

Отырар қаласының шарықтап дамыған, гүлденген кезеңі — Карахан тұсы. Осы кезеңде қала ерекше дамыған. Одан кейінгі гүлденген шағы — Қазақ хандығы кезі. Бұл кезеңде мәдениеті мен экономикасы жақсы дамыған орталықтардың бірі болды. Жазба деректерде, Отырардың ең соңғы тұрғыны Байбатша есімді көпес 1750 жылы қаланы тастап көшіп кеткен деп айтылады.

Көне шаһар ЮНЕСКО-ның тізіміне енген. Археология тілінде Отырар оазисі деген

Отырарда орталықтандырылған су құбыры мен кәріз жүйесі болғанын археологиялық қазба дәлелдеп берген. Осының өзі ата-бабаларымыздың ежелден тазалық пен экологияға ерекше мән бергенін көрсетсе керек. Әкімшілік, сауда-саттық, мәдениет пен ілім-білімнің ордасы атанған қала өзі ғана дамып қоймай, айналадағы елді мекендердің өркендеуіне де мүмкіндік туғызды. Бүгінгі тілмен айтқанда, кластер жүйесі арқылы маңындағы

Алтынтөбе, Пышақшы, Құйрықтөбе, Жамантөбенің белгілі бір салаға мамандануына ықпал етті. Атап айтқанда, Алтынтөбеде мыс пен мырыш, қола мен күміс, сондай-ақ алтын өңдеген. Түрлі бұйымдар жасалып, теңге соғылған. Жергілікті ақша Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттықтың жандануына септігін тигізді. Пышақшытөбе темірден түйін түйген ұсталар қалашығы болған. Осылайша,

жылыды. Бірнеше бөлмелі болды. Тас кірпіштен соғылды. Ел ішіндегі кейбір деректерде, монша құрылысының кереметтігі сол — отынды көп қажет етпеген деп айтылады.

Қазақ жеріндегі бірнеше қаланың өз шакасы (*монета*) болған. Әр патша өз ақшасын шығарды. Ал Отырарда құйылған ақша жаңа үлгідегі, басқа қалалардың ақшасына ұқсамайтын. Монетаның бір бетінде түргеш садағының, екінші бетінде арыстанның бейнесі салынған. Осының өзі Отырардың саяси-экономикалық жақтан дербес қала болғанын көрсетеді. Отырар тұрғындары металл



қорытуды асқан шеберлікпен меңгерген.

Күнделікті тұрмысқа қажетті құрал-сайман жасап, қару-жарақ соқты. Алтын, күміс және қоладан жасалған әртүрлі пішіндегі әшекей бұйымдар көркемдігімен ерекшеленді. Астық қамбасы, дән үгіткіш, қол диірмен, су құбырының игілігін көрді. Бидай мен мақта, тары мен күріш, жүзім мен қауын-қарбыз өсірілді. Шыны өндірісі өңірдегі ұсталық өнердің жоғары деңгейде көтерілгендігінің талас тудырмайтын белгісі. Қыш күйдіру немесе шыны өндірісі — Отырар өркениетінің озықтығын, орта ғасыр шеберлерінің жетістігін көрсетеді.

Отырарда ұлы ойшылдар дүниеге келді. Бұл — отыз Фарабтың кіндігін кескен білімді қала. Шығыстанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі Отырарда туған 33 ғұламаның аты-жөнін тауып, тегін анықтаған. Сол отыз Фарабтың көш басында шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл Фараби тұр. Ғұлама ғалымдардың тұтас бір шоғыры қалыптасуы үшін ілім мен білім ошағы — кітапхана болуы шарт. Кітапхана

бар жерде жазу, сызу, білім және ғылым өркендейді. Парсы саяхатшысы Абул Хайыр Рузбихан осы пікірді қуаттай түседі. Ол Отырардың қолжаба кітаптары Сығанаққа дейін тараған деп жазыпты. Бұдан біраз уақыт бұрын осы мандағы Көкмардан төбесінен табылған араб тіліндегі көне кітап тарихшылар үшін бір ілік болды.

Мәдениет пен өркениет бесігі



ғана қол жеткізеді» деп ой түйеді. Қайырымды қаланың құрметті тұрғындары — дана оқымыстылар, дін ғұламалары, математика мен геометрия білгірлері, дәрігерлер, музыканттар, шешендер, хаткерлер.

Отырар — «Қазақстанның 100 киелі жерлері» картасына енген қасиетті мекен. Отырар мұражайының кеңесшісі, ардагер археолог Нұртаза Алдаберген Сырдарияның бойында орналасқан қалалардың шоқтығы бөлек болғанын айтады. Отырар өз дәуірінде сауда-саттығы дамыған, ғұламалар көп шыққан, құрылыс архитектурасы озық, әртүрлі кәсіп өркендеген, теңге, қағаз шығарған бай, білімді, өркениетті қала болды. Жер-жерден келетін туристер Отырардың тарихына мол мағлұмат алады.

термин бар. Кейде Отырар жазирасы деп те аталады. Бұл қалаға қарайтын аумақты білдіреді. Археологтар Отырарды егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының шекарасына орналасқан қала деп айтады. Демек Отырар оазисі көшпенді шаруашылық пен отырықшы шаруашылықтың кіндігіндегі қала деген сөз. Археолог Нұртаза Алдабергеннің айтуынша, қала Қытайдан Қырымға дейін баратын жолдың бойына орналасқан. Екіншіден, керуен жолдардың түйісетін жері. Белгілі археолог Серік Ақылбек



сол кезеңде Отырарда металл өңдеу ісі қарыштап дамыды.

Ал Құйрықтөбе мен Жамантөбеде мал шаруашылығы қанат жайды. Осындай мәдениеттің арқасында Отырар өлкесі ғажайып оазиске айналады. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында Отырардың әлемдік өркениеттегі алар орны ерекше аталып өткен.

Отырар сәулет өнерінің көркем, әрі озық жетістігінің бірі — хамам-моншасы. Орта ғасыр құрылыс өнерінде технология жағынан бай, шеберлік жағынан алға озған өнер. Отырар моншалары плита арқылы жер астынан



«Отырар — далалық мәдениетпен қалалық мәдениеттің шекарасында тұрған қала» дейді.



Жарас КЕМЕЛЖАН

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2216;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.